



# Ақмешіт

14 наурыз  
сенбі

№19 (2231)

2026 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



### НАУРЫЗНАМА: Амал келді, жыл келді!

Мәшһүр Жүсіп бабамыз: «Қазақтың қазақ болғанда өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – Наурызнама» деген екен. Сондай-ақ наурызнаманың қадір-құны ас-тойдан жоғары екенін де атап айтқан. Қазақ үшін Наурыз мерекесінің орны бөлек. Көктемнің лебі сезілетін, тіршіліктің бастауы саналатын жыл басы – Наурызды барша жұрт үлкен үмітпен қарсы алады. Табиғатпен үндескен қазақ тоқсан шығып, жыл бастауы болған Наурыз мерекесін бір күн емес, 10 күн, тіпті бір ай тойлаған. 14 наурыздан басталатын Наурыз мейрамының алғашқы күні Амал мерекесінен бастау алады. Еліміздің батыс өңірлерінде сақталған бұл дәстүр жыл өткен сайын халықтық сипат алып келеді. Төл мереке дегенде жаның жадырап, көңілге қуаныш сыйлайтын Амал мерекесінің мәні бөлек. Бұл күні жылдан жылға аман-есен жеткеніне қуанған халықтың қуана көрісуінен бөлек, өкпе-ренішті ұмыту, үлкенге құрмет көрсету, қазақтың дәстүрін насихаттау астарып жатқандай. Тазалыққа мән беріліп, дастарханы жайылып, қазаны асулы тұратын бұл күн қазақтың болмысын аша түсетін, жүректерге жылылық ұялататын, ең ізгі амалдар жасалып, игі тілектер айтылатын күн.

Наурызнаманың әрбір күнінің өзіндік мәні бар. Бұл мерекенің мағынасын тереңдете түскендей. «Көрісу – Амал мерекесі» (аман-саулық сұрасып, ағайынмен кездесулер және игі тілектер күні), «Қайырымдылық» (қайырымды істер күні), «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр» (ұлттық салт-дәстүр мен мәдениет күні), «Шаңырақ» (отбасы күні), «Ұлттық киім» күні, «Жанару» күні, «Ұлттық спорт» күні, «Ынтымақ» (бірлік пен ынтымақ күні), «Жыл басы» және «Тазару» күнімен түйінделетін наурызнаманың тәрбиелік мәні зор.

Биылғы мерекені тойлауда тағы бір жаңалық – «Digital Nauyuz» платформасының іске қосылуы. Елімізде Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп аталуына орай, мереке қарсаңында Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі ел бойынша өтетін мерекелік іс-шаралар туралы ақпаратты біріктіретін онлайн-платформаны іске қосты. Мұның бір ерекшелігі, елдің түкпір-түкпірінде мерекенің қалай тойланып жатқанын қолыңыздағы смартфон арқылы көріп отырасыз.

Ендеше, қазақтың мейрамы басталды. Бүгінгі Амал мерекесі құтты болсын!

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

2-БЕТТЕ

### СҰХБАТ

Кейінгі жылдары буын ауруы жасарып барады. Бұл мәселе әлемдік ғылыми қауымдастықты да алаңдатып отыр. Бұрын буын ауруы егде жастағыларды мазалай бастаса, қазір жастар мен балаларда да жиі кездесуі алаңдатарлықтай жағдай. Орайы келгенде, облыстық көпбейінді аурухананың ревматолог дәрігері Гүлжауһар Рзақұлқызымен сұхбаттасып, көп көкейінде жүрген сауалдарды қойдық.



Гүлжауһар  
РЗАҚҰЛҚЫЗЫ,  
ревматолог дәрігер:

### ЕРТЕ ДИАГНОЗ ҚОЮ КӨПТЕГЕН АСҚЫНУДЫҢ АЛДЫН АЛУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

– Гүлжауһар Рзақұлқызы, кейінгі кезде буын аурулары көбейіп кеткен сияқты. Себебі үлкен де, кіші де буын ауруы мәселесін айтты, ревматолог іздеп жүргені байқаймыз. Дәрігер ретінде бұған не айтасыз? Шынында, буын ауруы көбейді ме?

– Соңғы жылдары буын ауруы мазалап, дәрігерге жүгінетін адамдар саны айтарлықтай артты. Бұрын ревматологиялық аурулар көбіне егде жаста кездеседі деп есептелсе, қазір орта жастағы адамдар мен жастар арасында да жиі байқалып отыр. Бұған бірнеше фактор әсер етеді: өмір салтының өзгеруі, қозғалыстың азаюы, артық салмақ, созылмалы стресс, инфекциялар, экологиялық жағдай және иммундық жүйенің өзгерістері. Сонымен қатар халықтың медициналық сауаттылығы да

артып, адамдар буын ауруының алғашқы белгілері байқалғаннан-ақ дәрігерге жүгіне бастады.

– Тағы бір мәселе, кейінгі кезде балалар арасында буын ауруы көбейгені байқалады. Жалпы буын ауруы қазір жасара түскендей. Себебі неде?

– Қазіргі кезде балалар мен жасөспірімдер арасында ревматологиялық аурулардың, әсіресе ювенильді артриттердің жиілегенін көріп жүрміз. Бұған вирустық және бактериялық инфекциялар, иммундық жүйенің өзгерістері, генетикалық бейімділік, сондай-ақ қазіргі балалардың физикалық белсенділігінің төмендеуі әсер етуі мүмкін. Балаларда буын ауруы ұзақ уақыт байқалса немесе ісіну, қызару, қозғалыс шектелуі болса, міндетті түрде ревматологқа көрсету қажет.

4-БЕТТЕ

# ЖОЛ – ІРГЕЛІ ІСТЕРДІҢ БАСТАМАСЫ



Сыр өңірінде өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жол мәселесіне назар аударды. Президент көлік-логистика кешенін дұрыс дамытпасақ, ел экономикасын тұрақты өсіру мүмкін болмайтынын атап айтты.

– Елімізде қызу жұмыс қолға алынды. Мыңдаған шақырымдық автокөлік жолдары мен теміржолдар салынып, жөнделіп жатыр. Елдегі автокөлік жолдарын халықаралық стандарттарға сай жаңғырту – айрықша

маңызды міндет. Бұл, біріншіден, Қазақстанның батыс пен шығыс арасындағы транзит дәлізі ретіндегі рөлін арттыра түседі. Екіншіден, облыстар арасындағы көлік байланысын барынша жақсартады. Жақында Қызылорда – Жезқазған жолының Қызылордаға тиесілі бөлігі салынып бітті. Жыл соңына дейін Ұлытау облысындағы бөлігінде көлік қозғалысы толық ашылады. Жолдың жалпы ұзындығы – шамамен 400 шақырым. Ең бастысы, биыл елімізде бұрын-соңды болмаған ауқымды инфрақұрылымдық жоба

басталады. «Батыс Қытай-Батыс Еуропа» – Қазақстандағы ең негізгі жолдың бірі. Алайда оның Қызылорда-Ақтөбе арасындағы бөлігі тар, көлік апаттары жиі болып жатады. Мен осыған дейін бұл жолды кеңейту туралы тапсырма бердім. Биыл осы бағытта 4 жолақты жаңа күре жолдың құрылысы басталады, – деді Мемлекет басшысы.

2-БЕТТЕ

## СУДАН ҚАУІП БАР МА?



Еліміздің 5 өңірінде су тасқыны болады деп қауіп бар. Бұл туралы Төтенше жағдайлар вице-министрі Кеген Тұрсынбаев мәлімдеді.

Оның айтуынша, Төтенше жағдайлар министрлігі мен басқа да мемлекеттік органдар су тасқынына қарсы дайындық жұмыстарын жүргізуде.

– Қазіргі уақытта «Тасқын» жүйесі бойынша су тасқыны болуы мүмкін бес өңір анықталды. Бұл – Солтүстік Қазақстан,

Ақмола, Абай, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстары. 1 наурыздан бастап бізде тәулік бойы жұмыс істейтін жедел штаб құрылды. Жергілікті атқарушы органдар ескерту шараларын қабылдады, инженерлік жұмыстар жүргізілді. Елді-мекендерге қауіп төніп тұрған жоқ. Жағдай бақылауда. Біздің күш-құралдар су тасқынына дайын, – деді вице-министр.

2-БЕТТЕ

## ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН ЕНДІ КАМЕРАЛАР ДА БАҚЫЛАЙДЫ

12 наурыздан бастап жол қозғалыс ережелерін бақылау жүйесіндегі жаңа өзгеріс күшіне енді. Енді бейнекамералар кейбір құқық бұзушылықтарды автоматты түрде анықтай алады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 31-бабына енгізілген түзетулер «цифрлық кодекспен» байланысты. Қабылданған түзетуде жаңа айыппұлдар немесе жүргізушілерге қосымша талап емес, тек құқық бұзушылықтарды анықтау тәсілі цифрлық жүйеге көшті. Мәселен, бұған дейін полиция қызметкерлері рөлде отырып телефон пайдалану, қауіпсіздік белдігін тақпау, сыртқы жарық құралдарын дұрыс пайдаланбау, жолда кептеліс тудыру сияқты құқық бұзушылықтарды қолмен тіркейтін. Енді мұндай жағдайларды заманауи техникалық құралдар арқылы автоматты түрде анықтайды.



Күшейтілген бақылауға сәйкес тіркеудің үш тәсілі бар. Қалалардағы орнатылған камералар бұрынғыдай жұмыс істейді, бірақ олардың функционалы кеңейтіледі. Құжаттарға байланысты құқық бұзушылықтарды анықтауға дерек базалары пайдаланылып, техникалық байқаудың мерзімі өткен, сақтандыру полисінің болмауы, қаруды сақтауға берілген рұқсат мерзімінің

аяқталуы сияқты ережелердің орындалмауын автоматты түрде анықтайды. Бұрын мұндай жағдайларда полиция қызметкері қатысып, істі қолмен рәсімдейтін еді. ҚР ІІМ ӘПК-нің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Ақтоты Боранованың айтуынша, бұл шаралар өмірі мен денсаулығын қорғап, құқық бұзушылықтың алдын алып,

тұрғын үй аумақтарында қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған.

– Жүргізушілер үшін бұрын қандай талап болса, қазір де сол талап. Айырмашылығы, енді оларды бақылау заманауи цифрлық технологиялар арқылы жүзеге асады. Яғни заң талаптары өзгермей, тіркеу тәсілдері жаңартылады. Сонымен бірге заңнамада ескерту қарастырылған құқық бұзушылықтар бойынша жаңа жүйе автоматты түрде ескерту жібере алады, – деді маман.

Бұл өзгерістер ереже бұзбайтын жүргізушілер үшін қиындық тудырмай, керісінше, жолдағы тәртіп күшейеді.

Әлеуметтік желілерде «камералар жаюу жүргізушілерді жазалайды» деген ақпарат тараған еді. ІІМ-нің өкілі Ақтоты Боранова бұл ақпараттың шындыққа жанаспайтынын айтты. Автоматты камералар жаюу жүргізушілерді жауапкершілікке тартуға арналмаған. Жүйе тек жол қозғалыс ережелерінің бұзылуын анықтайды.

«Ақмешіт-ақпарат»  
Суретті түсірген Н.НҮРЖАУБАЙ



## ЖОЛ – ІРГЕЛІ ІСТЕРДІҢ БАСТАМАСЫ

V Ұлттық құрылтайда қабылданған шешімдер аясында Көлік министрлігі елдің автожол инфрақұрылымын жаңғырту мен транзиттік әлеуетін дамытуға Президент тапсырмаларын орындауға кірісті. Сыр өңірінде «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің Қызылорда-Ақтөбе бағытын төрт жолақты етіп кеңейту жобасының бірінші кезеңі басталды.

Жол құрылысын бастау іс-шарасына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, «ҚазАвтоЖол» ҰК АҚ басқарма төрағасы Дархан Иманашев, облыстық мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, ел ағалары қатысты.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты республикалық маңызы бар автомобиль жолы құрылысының басталуымен құттықтады.

– Биыл – еліміз, өңіріміз үшін тарихи маңызды жыл. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы қаламызда өткен Ұлттық құрылтайдың қорытынды V отырысында «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр» деп, Сыр өңірінде атқарылған жұмыстарға оқ бағасын берді. Облысымыздың әлеу-

меттік-экономикалық дамуына, тұрғындарымыздың әл-ауқатын арттыруға бағытталған бірқатар жаңа ірі жобаның жүзеге асырылатынын, оның ішінде «Бейнеу-Сексеуіл» бағытындағы жол құрылысы биыл қолға алынатынын, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің Қызылорда – Ақтөбе бағытын төрт жолақты етіп кеңейту жобасы басталатынын айтты. Президентіміз «Жер көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орын алатын еліміздің, жалпы, көлік-транзит саласында зор мүмкіндіктері бар. Бұл – айрықша назар аударуды талап ететін стратегиялық бағыт», – деген болатын. Осы мақсатта өңірімізде белсенді жұмыстар атқарылууда. Мемлекет басшысының, Үкіметтің ерекше қолдауымен 2022-2025 жылдары аймағымыздағы 1600 шақырым автомобиль жолы мен көшелерді, 30 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуден өткізуге 150 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді. Нәтижесінде жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетті. Биыл да жол инфрақұрылымын дамытуға бағытталған 56 жобаға бюджеттен 37 млрд 845 млн теңге қаралған. Бұл қаржыға 136 шақырым жол мен көпір өткелдері жөндеуден өтеді. Өзлеріңізбен

бірге аймағымыз үшін маңызы зор жобалардың бірі Қызылорда-Ақтөбе бағытындағы жолды төрт жолақты етіп кеңейтудің бірінші кезеңін бастаймыз. Құрылысы басталғалы тұрған автожол өңірдің өркендеуіне, халық игілігіне қызмет ететін маңызды көлік дәлізіне айналысын! Жүргізушілер мен жолаушыларға әрдайым ақ жол, сәт сапар тілейміз, – делі аймақ басшысы.

Жоба 2 кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңі – 26 шақырымдық Қызылорда қаласының айнала жол салу. Екінші кезеңі – Қызылорда қаласынан басталып Сырдария, Жалағаш, Қармақшы аудандарының сыртымен айналып өтіп, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізіне қосылатын 462 шақырым жол. Автодәліз бойына жаңадан 11 көпір, 13 жол өткелі, 62 үй жануарларына арналған өткел мен 399 су өткізгіш құбыр салынады. Жолаушылар мен жүргізушілерге арналған заманауи сервистік қызмет көрсететін пункттер бой көтеріп, шағын және орта бизнестің дамуына мүмкіндік болады. Автожолдың II санаттан I санатқа ауысуы көлік қатынасын едәуір жеңілдетіп, жүк тасымалының тиімділігін арттырады деп жоспарлануда.

Айтқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ



## СУДАН ҚАУІП БАР МА?

Су тасқыны кезеңінде төтенше жағдайларды жою және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жалпы саны 39 мың адамнан асатын азаматтық қорғау қызметтерінің күштері мен құралдарының республикалық және өңірлік топтары құрылған. Сондай-ақ 18 мыңнан астам техника мен арнайы құралдар дайындалған.

Ал Сыр өңірінде су деңгейі тұрақты бақылауда. Бүгінде жауашты сала мамандары, тиісті мекемелер тәулік бойы мониторинг жүргізіп отыр. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар жұмысін ақпарат алаңында өткен брифингте «Қазсуар» РМҚ Қызылорда облысы филиалы директорының орынбасары Айдос Асанбаев айтты.

– Қызылорда облысындағы су тасқынына негізгі әсер етуші Сырдария өзені. Өзен бойында стратегиялық маңызы бар Қызылорда, Әйтек, Қазалы және Ақлақ су тораптары орналасқан. Қазіргі уақытта облыс аумағына Сырдария арқылы секундына 178 м³/сек су келуде. Қызылорда су торабынан 150 м³/сек, Әйтек су торабынан 110 м³/сек, Қараөзек арнасы арқылы 30 м³/сек су жіберіледі. Ал Қазалы су торабынан 95 м³/сек, Ақлақ су торабынан 70 м³/сек су Кіші Арал тегізіне бағытталуда. Күннің жылынуына байланысты өзеннің оңтүстік және орталық бөліктері мұздан толық

тазарған. Қызылорда және Сырдария аудандары аумағында өзен ашылып, су тораптары реттеліп, Жанадария, Жанаарық және басқа да каналдарға көлдер жүйесі мен жайылымдарды суландыру үшін су жіберіледі. Ал Қазалы мен Ақлақ су тораптары маңында өзен толық ашылмағандықтан, транзиттік режимде жұмыс істеп тұр. Мұз жүру кезеңінде кептелістің алдын алу үшін Қазалы су торабында арнайы драглайн техникасы кезекшілікке қойылды, – делі ол.

«Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясы басшысының орынбасары Сейітқасым Әбуовтың айтуынша, стратегиялық маңызы бар су тораптарының жұмысы қадағаланады. Қажет болған жағдайда суды реттеу және қауіптің алдын алу үшін тиісті шаралар қабылданады. Бүгінде Шардара су қоймасына 5009 млн м³ су жиналған. Қоймаға секундына 1176,4 м³ су түсіп, төменгі ағысқа 600 м³/сек көлемінде жіберіледі. Сонымен қатар Қоксарай су реттегішіне де су қабылданады. Сырдария арқылы келетін су көлемінің Қызылорда су торабына жетуі шамамен 12-13 тәулік, ал Қазалы су торабына 21–22 тәулік уақыт алады. Сондықтан қазіргі жағдайда көптеміз су тасқыны қаупі жоқ. Жалпы облыс аумағындағы су шаруашылығы жағдайы тұрақты және тәулік бойы бақылауда.

«Ақмешіт-ақпарат»  
Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАЙБАЙ

Басы 1-бетте

## ЖЫР АЛЫПТАРЫНЫҢ МҰРАҒЕРІ

«Өнер» орталығында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық консерваториясының құрметті профессоры, жырау Алмасбек Нұрмаханұлының 70 жас мерейтойына арналған «Жыр керуен» атты шығармашылық кеш өтті.

Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, жазушы, тарихшы-этнограф, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қойшығара Салғараұлы, Халық жазушысы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының төрағасы Жүрсін Ерман, ақын, Парламент Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан, Алмасбек Нұрмаханұлының үзегілес әріптестері мен елімізге белгілі шәкірттері, жауапты сала басшылары, зиялы қауым өкілдері қатысты.



жылдар ішінде ұлттық өнердің бұл түріне ерекше көзқарас қалыптасып, ата-бабаларымыздың асыл қазынасы жарқырай түсті. Алдағы уақытта да ұлттық өнеріміздің шамшырағы болып, келер ұрпаққа рухани мұра сыйлай беріңіз», – делі облыс әкімі.

Өнер кешінде айтыскер ақын Мұхтар Ниязов мерейтой іесіне арнау айтып, жыраудың тұлғалық бейнесін айшықтай түсті. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Елмұра Жанабергенова, Айгүл Елшібаева және басқа да ақын-жыршылар жырдың қоюсар бұлағымен сусындатты. Жыраудың өзі «Жыр бастауын» орындағанда, төкіе жырдың төресі терме екенін дүйім ел жүректен сезініп, дүркірей қол соқты.

«Жыраулық өнердің дінгеі – тарих, жал, ұлттық код. Оны жанғыртудың жалғыз жолы жыр-мұралар мен мақамдарды жазып алып, кейінге жеткізу еді. Мен осыны түсінгенде Сыр бойында дәуір дастандарын дестесіне тоқыған шын жыраулардың қатары сиреген еді. Жаныма жігіттерді ертіп, үлкен сапарға аттандым. Жыраулардың бірі қойшы, бірі малшы, бірі диқан, бәрі дерлік қара жұмысқа жетіген. Көбі шау тартқан. Бағыз сал-серілердей ерке өмір көзден бұл-бұл ұшқан. Тіпті кейбірінің кетпен-күрек жеп қойған қолы домбыра ұстауға келмей қалыпты. Хал-қадірімізше іздеп тауып, таспаға жаздык. Демек келесі буында санатқа қосудың дара жолы өрелі өнерді жеке

ордендерінің иегері, Қызылорда облысының құрметті азаматы Алмасбек Нұрмаханұлы Алматы мерейлі 70 жасқа толды.

Алмасбек Нұрмаханұлы – дәуір кешінде дара із қалдырған жыр алыптарының мұрагері, Сыр өңіріне ғана тән жыраулық дәстүрдің сабақтастығына айрықша еңбек сіңірген өнер қайраткері. Ағамыз жастайынан қолына домбыра алып «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қыз Жібек» сияқты елге кең тараған дастандарды жырлап, «жас жыршы» атанды. «Сыр сұлуы» ансамблі құрамынан басталған шығармашылық жолы белгілі жырау, ұлағатты ұстаз, өнер зерттеушісі, ғалым, қоғам қайраткері ретінде биік белестерге шығарды. Егемендік алған

дара мамандыққа айналдыру деген ойға келдім де, бейнетті жолға түстім. Ақыры қайырыммен болды», – депті ағамыз бір сұхбатында.

Өзі айтқандай, тыңнан түрен салған Алмасбек Алматы Сыр бойында мақам-саз ерекшеліктеріне қарай жыраулық мектептердің қалыптасуына, атадан балаға мирас болған төл өнерімізді жаңа дәуірге жеткізуге ерен еңбек сіңірді. Дәстүрлі жыр орындаушыларды маман етіп даярлап, жүздеген шәкірт тәрбиелеп, өнер аламына қосты. АҚШ, Франция, Италия, Швейцария, Ұлыбритания, Египет, Моңғолия және басқа да шет мемлекеттерде ұлт өнерін дәріптеп, қазақ елінің мерейін асқаттатты. Алмасбек Алматы – жырау ғана



есем, ұйымдастырушы, ұстаз, ғылыми жүйелеуші. Ол жыраулық өнерді сахнада ғана емес, оқу аудиториясында да орнықтырып, жүйелі мектеп қалыптастырды. Оның шәкірттері бүгінде еліміздің әр өңірінде еңбек етіп, дәстүрдің жалғастығына қызмет етіп жүр. Бұл – ұстаз еңбегінің нақты нәтижесі.

Мерейтойдың кәделі жаңалығы – аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы жыраудың шәкірттері, Түркия мемлекетінің Анкара музыка және бейнелеу өнері университеті «Дәстүрлі өнер» мамандығының докторанты Малика Алдамжароваға, К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті «Дәстүрлі музыкалық өнер: Дәстүрлі жыр» білім беру бағдарламасының докторанты Рүнсұлу Түркіпен мен Ақерке Дабдылова айна 300 мың теңге стипендия тағайындады.

Айтулы шараны кеш іесі Алмасбек Алматы ағамыз бір қайыру жырмен түйіндеп, облыс әкіміне, қалың жұртшылыққа, шәкірттеріне алғысын айтты.

Айта кету керек, Алмасбек Алматының 70 жас мерейтойы аясында Қорқыт ата атындағы университеттің Студенттер сарайында V томдық таңдамалы шығармаларының тұсаукесер рәсімі, Қармақшы ауданында «Асыл жырдың Алмасы» атты республикалық жыршы-жыраулар фестивалі өтті.

Гайһар  
КОЖАХМЕТОВА

Н.Ахмадеева атындағы №112 орта мектепте «Science & Research: оқушылардың ғылыми-зерттеу құзыреттілігін дамыту стратегиялары» тақырыбында облыстық семинар өтті.

Семинар мақсаты – дарынды оқушылармен жұмыс істеудің жүйелі моделін қалыптастыру, ғылыми-зерттеу жұмысында педагогтердің озық тәжірибеммен бөлісу және зияткерлік жарыстардағы жоғары нәтижеге жетудің тиімді әдістемесін тарту.

Жиынға Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті ғалымдары, облыстық білім басқармасы, «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығы, қалалық білім бөлімі, Назарбаев зияткерлік мектебінің мұғалімдері қатысты. Семинар ашылуында «Дарын» қосымша білім беру орталығы директорының орынбасары Гүлжанан Ізбасарова, қалалық білім бөлімінің әдіскері Галия Ибрагимова, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті Рабина Игенбаева сөз алып, осындай дәрістерден дарынды балалармен жұмыс істейтін ұстаздар ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырудың тиімді алгоритмін меңгеретінін, ғылыми жоба құрылымын жоспарлау және нәтижеге

## ҒЫЛЫМҒА ДЕН ҚОЙҒАН БІЛІМ ОРДАСЫ



бағытталған әдіснаманы қолдану дағдысы қалыптасатынын, олимпиада және ғылыми байқауларға сапалы дайындық жүйеленетінін тілге тиек етті.

Семинарда Назарбаев зияткерлік мектебінің физика пәнінің мұғалімі Айнур Құрақбаева шеберлік сағатын өткізді.

– Шеберлік сағатында оқушыларды ғылыми жобамен айналысуға ынталандыру, шығармашылық қабілетін дамыту үшін жаңа тәсілдер ұсындым. Сонымен қатар дарынды балалардың зерттеу-жобаларын дамыту, ғылыми ізденістерінің алгоритмін жүзеге асыру, авторлық құқық мәселелерін баяндадым. Дарынды балаларды қолдау – білім беру сапасын арттырудың маңызды тетігі ғана емес, елдің интеллектуалдық болашағына салынған стратегиялық инвестиция деп ойлаймын. Зерттеулер көрсеткендей, дарынды балалармен жүйелі жұмыс жүргізілмеген жағдайда сыныптағы оқыту деңгейінің арасында алшақтық пайда болып, қабілетті оқушылар өз әлеуетін толық аша алмауы мүмкін. Мұғалімдер көбіне сыныптағы жалпы деңгейге бағытталады, ерекше қабілеті бар оқушылардың ғылыми және шығармашылық мүмкіндігін дамытуға жеткілікті уақыт бөле алмай қалуы мүмкін. Сондықтан дарынды балаларға арналған арнайы бағдарламалар мен қолдау тәсілдері олардың зияткерлік әлеуетін дамытуда шешуші рөл атқарады, – дейді ол.

Бұл саминардың оқытуға берері мол. Әсіресе бойында таланты мен талабы бар шәкірттер үшін пайдасы көп.

– Мектебімізде өткен облыстық семинар мазмұны мен форматы үйлескен, тәжірибеге бағытталған, кәсіби диалог алаңына айналды. Назарбаев Зияткерлік мектебімен қыркүйекте меморандумға отырып, бірге жұмыс жасауды бастадық. Мақсатымыз – тәжірибе бөлісу және осы тәжірибені нәтижесін тарту. Сонымен қатар, Облыстық «Дарын» қосымша білім беру орталығымен байланыса отырып, мектептегі ментор мұғалімдердің зерттеу жұмыстарын тарту, білім олимпиадасының жүлдегерлерін таныстырып, оқушылар мен мұғалімдер арасында байланыс орнату мүдде етіп қойдық. Өрине, біз үлкен асуды бірден бағындырып тастадық демеіміз. Бүгінгі семинар-практикум ең бірінші пән мұғалімдерін қанаттандыру, шабыттандыру да маңызды рөл атқарады деп ойлаймын. Мектеп басқару жүйесі толықтай цифрландырылып, заманауи стандартқа көшті. «Өзгеріс көшбасшысы» этикасына сай ішкі тәртіп ережелері жаңартылып, орынбасарларға дербес даму жобалары жүктелді. 18 мұғалім біліктілігін арттырды. Математика пәні және әдістемелік бірлестік болып бөлініп, білім сапасын арттырудың жаңа тетігі іске қосылды, – дейді №112 мектеп директоры Гүлшат Ахметжанова.

Тәжірибе алаңына айналған мектептің жетістігі мол. Биылғы оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-11 сынып оқушылары арасында өткен республикалық олимпиаданың қалалық кезеңіне 62 оқушы қатысса, 26-сы жүлдегер атанған. «Зерде» ғылыми жобалар конкурсының қалалық кезеңіне 15 оқушы қатысып, I оқушы II орын, 8 оқушы III орынды қанжығасына байлаған. Сонымен қатар «Дарын» ғылыми жобасында 3 оқушы жүлделі II орынға қол жеткізген. Ал 7-сыныптың оқушы қыздары ұлттық лиганың барлық кезеңін сүрінбей өтіп, республикалық кезеңге жолдама алды.

Гайһар  
КОЖАХМЕТОВА

Басы 1-бетте



Кейін журналистік сапарлармен Сыр бойына ат басын бұрғанымызда ара-тұра жолығысып тұрған сияқтымыз. Бірақ көп араласа қойғанымыз жоқ. Бір-бірімізге көбіне-көп сырттай тілеулес болдық-ау деймін. Ол үнемі жоғары қызметте жүрді. Өмірі бітпейтін әкімдіктің шаруасына жегілді. Лауазымы жыл сайын өсіп жатты. Біз оның онсыз да жетпейтін уақытын алуды қажет деп таппадық. Оның да бізге қарайлайтындай мұршасы болған жоқ. Нәжмадин ағамыз беделді қызметтер атқарды. Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары, Қазалы ауданының әкімі болды.

Тағдыр деген үйлесіре қояйын десе, оңай екен. Кейін өмір жолымыз бір мекемеде тоғысты. Бұл менің ару Алматыдан Сыр еліне келіп, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары әрі Қызылорда арнайы экономикалық аймағы

Нәжмадин ағамыздың есімін естігелі қай заман?! Бір топырақтың перзентіміз. Қызметке ертерек араласты. Үнемі жақсы аты шығып жататын. Біздің жастау кезімізде оған қатысты мынадай бір әзіл айтылатын. Ауданды басқаратын беделді адамның алдына Нәжмадин ағамыз кезекті бір қызметке ұсынылған қағаздары келген көрінеді. Бірінші хатшы құжатқа зер салса, үміткер өрімдей жап-жақ дейді. Бірақ осы уақытқа дейін беделді қызметтің біразын атқарып үлгерген. «Қой, мынау жүгіріп келе жатқан бала ғой, жолын кеспейік», – депті әлгі басы.

Шынында да, сен кедергі жасасаң да, жасамасаң да, еті тірілігінің арқасында бәрібір бір жерден тесіп шығатын өрендер болады. Нәжмадин ағам жас кезінде солардың санатынан еді. Қашанда оның іскерлігі, тығырықтан жол табатыны, кез-келген шаруаның көзін білетіні жөнінде үнемі әңгіме болатын. Оның үстіне ол өте қарапайымдылығымен, кішіпейілділігімен жұртқа жаққан сияқты. Үлкенді сыйлап, кейінгі буында құрметтейтіні де назардан тыс қалмайтын. Әсіресе, елмен етене жақындығы, кім-кіммен де бірден ашық-жарқын сөйлесіп кететіндігі өзгелерге ұнайтын. Әйтеуір біз жас күнімізде ол туралы там-тұмпап жетіп жататын мәліметтің өзінен-ақ бюрократияны білмейтін басы деген сөйлеудің түсінік қалыптастырып үлгердік.

Мен оны алғаш рет пойыздың үстінде көрдім. Кәдімгі Мәскеу–Алматы жүрдек пойызы. Токсаншы жылдардың басы. Қос рельстің үстінде елдің сол кездегі астанасына қарай жүйіткіп бара жаттық. «Лениншіл жастың» жас тілшісіміз. Ауылдағы демалысымызды аяқтап, Алатау жаққа аттанған бетіміз. Көрші күпеді бір топ кісі әңгімелесіп отыр екен. Ортақ тақырыбымыз бізді соларға ертіп апарды. Амандастық, Тілестік. Төрте отырған жігерлі жігіттің аты–жөні Нәжмадин Мұсабаев екен. Сол баяғы сыртынан жақсы білетін Нәжмадин ағамыз. Сөзі салмақты көрінді. Жүйелі сөйлейді. Өзгелерді де тыңдай білді. Ұмытпасам, бұл Нәжмадин ағамның Жоғары партия мектебінде Қазақстан менеджмент, экономика және жоспарлау институтына айналған оқу орнында оқып жүрген кезі болса керек. Түсіп оқыды ма, әлде өндірістен көп үзбей, сырттай білім алды ма, әлде есімде жоқ. Бірақ оның сол институттың тәртіптері туралы кеңірек әңгімеленгенін жадыма қалыпты. Бұл менің осынау білім ордасы туралы бірінші рет мәлімет алып тұрғаным еді. Жастығына қарамастан жергілікті биліктің тұтқасын ұстап жүрген абыройлы ағамыз осы жолы да тәуір әсер қалдырды.

Әкімшілік кеңесі төрағасының орынбасары болып қызмет атқарып жүрген кезім еді. 1997 жыл. Бірде стадионда футбол көріп отырдық. Бүкіл әкімдік қызметкерлері өңірдің «Қайсар» командасына тілеулес болып, арнайы келгенбіз. Өзімізбен бірге жайғасқан жанкешті футбол жанкүйері, облыстық телерадиокомпанияның төрағасы Серік Пірназар әлдекімен телефон арқылы тапсырма алып жатты. Бір мезетте Секең дауысы санқылдап, өз қызметкерлеріне тосындау жаңалықты хабарлай бастады. «Қызылорда қаласы әкімінің бірінші орынбасары – Қызылорда арнайы экономикалық аймағы әкімшілік кеңесі төрағасының орынбасары болып Нәжмадин Түрікбенұлы Мұсабаев тағайындалды»... Біз бұл хабарламаға елең ете қалдық. Себебі, қала әкімінің бірінші орынбасары Ирина Леонидовна Ким өз орнында отыр еді. Сондықтан біз әдепке Ирина Леонидовна қызметінен босап қалды ма екен деп ойладық. Сөйтсек, біздің әкімдікке тағы бір бірінші орынбасар бекітіліпті. Қызық, облыс әкімдігінде – жалғыз-ақ бірінші орынбасар. Ал бізде – екеу... Ойнайсыз, біздің қалалық әкімдікпен...

Сонымен, жұмысты бастап кеттік. Қызылорда қаласының әкімі – Қызылорда арнайы экономикалық аймағы әкімшілік кеңесінің төрағасы Бакбергенов Досманбетовтің үш орынбасары бір қабатта отырамыз. Қабылдау бөлмесі ортақ. Бірінші орынбасар Ирина Ким экономика және қаржы мәселелеріне жауапты. Екінші бірінші орынбасар Нәжмадин Мұсабаев коммуналдық қызмет саласын қадағалайды. Мен болсам, әлеуметтік саламен айналысамын. Яғни, идеологпын.

Қызылорда қаласының арнайы экономикалық аймақ мәртебесін иеленгеніне көп бола қоймаған кез. Бүкіл ел бойынша төрт экономикалық аймақ бұна ел. Соның бірі – Қызылорда қаласы. Жұмыс қайнап жатыр. Күн-түні әкімдіктен шықпаймыз. Қашаннан

ерік-жігері мол Нәжмадин аға ертелі-кеш бір тынбайды. Бұрын облыс әкімінің бірінші орынбасары болып істеген адамға қала әкімінің бірінші орынбасары деген не тәйірі, Нәжмадин Түрікбенұлы бұл жұмысты да дөңгелетіп әкетті. Арнайы экономикалық аймақ жағдайындағы ережелер мен қағидаларды тез игеріп, жанама тәсілдерге жедел бейімделді. Кабинетінде көп отырмайды. Шаруасы жетіп артылатын шаһардың ескі көшелерін аралап кетеді. Су құбырларын қарап шығады, жылу орталығының қысқа дайындығын тексереді.

Жылу демекші, сол жылғы қақпаған қыста жылу-электр орталығының төбесі опырылып түсті. Қаншама жылдан бері келе жатқан ескі ғимарат сыр берді. Бұл әкімдік үшін өте ауыр сынақ болды. Қала әкімі Бакбергенов Досманбетов пен оның жылуға жауапты орынбасары Нәжмадин Мұсабаев ТЭЦ-те түнеп жатып жұмыс істеді. Жылу жағынан түсінігіміз қарабайырлау болғанына қарамастан, бізде солардың жанынан айналсоқпап шықпаймыз. Ара-тұра облыстың сол кездегі әкімі Бердібек Сапарбаев келіп кетеді. Жылу орталығының құлаған бөлігін қалпына келтіру ісі ұзаққа созылды. Қала тұрғындары сол қысты зор қиындықпен өткізді. Ахуалды жеңілдетуге бұл саланың қыр-сырын жетік білетін Нәжмадин Мұсабаевтың көбірек септігі тигені анық.

Қабылдау бөлмесіміз ортақ болған соң, бәрін байқап отырамыз. Бізге қарағанда, оған

қаламгерге «Арал ауданының құрметті азаматы» атағы берілді. Арал аудандық мәслихаты тиісті шешім шығарып, хаттама толтырып қойыпты. Солардың арасында мен де жүрмін. Нәжмадин ағам жастығымызға қарамастан сенім артып, бізді де қатарға қосыпты. Құрметті азамат атанған ағалардың атак-даңқы атан түйеге жүк боларлықтай. Міне, қараңыз, Молдахмет Қаназов, Айжарық Сәдібеков, Сайлаубай Жұбатыров, Қуаныш Жиенбаев... Солардың сапына қосылдық. Сөйтпін, Нәжмадин ағам бізге ертерек жауапты міндет жүктеді. Осыған сай бол дегендей емеурін білдірді. Біз де мұны түсіндік. Бұлдан соң жақсы ағамның атына кір келтірмеуге тырыстық.

Нәжмадин Мұсабаев дегенде оның Арала сіңірген еңбегі ойға оралады. Жалпы, ол Сырдарияның бойында орналасқан үш ауданға басшы болды. Алдымен өзінің кіндік қаны тамған Қазалы ауданының еңсесін көтерді. Жаңақорған ауданының әкімі болған тұста, жаңа бастама көтеріп, алқапқа алғаш рет мақта екті. Ал Арал ауданын басқарған кезеңде өлшеуіс іс тындырды. Әлемдік проблемаға ел назарын аударды. Сырттан келген мәртебелі меймандарға жергілікті жұрттың ахуалын нақты мысалдармен егжей-тегжейлі түсіндірді. Теңіздің белгілі бір бөлігін сақтап қалуға арналған әйгілі жобаны іске асырушылардың бірі болды. Осыған орай «Ғаламат жобаның басы-қасында жүріп, бірнеше жыл бойы Арал

жасампаздық жолын зерттеуге және жұртшылыққа танытуға белсене атсалысты. Жалаңтөс баһадүр мен оның аталас туысы Әйтеке би жерленген орындарға арнайы барып, тағзым етіп, қаншама құнды мәліметке қанығып кетті. Осы екі аса танымал адам туралы көркем немесе деректі дүние жазам деген қаламгерлерге жүйелі түрде кеңес беріп отырады. Бұл тұрғыдан осы қорды өзі құрып, жиырма жылдай басқарған, жалаңтөстануға ерекше еңбек сіңірген Ыдырыс Қалиевтың өнегелі істерін үнемі үлгі етіп ұстанды. Жүрген жерінде ылғи да айтып отырады. Жалаңтөс баһадүрдің тікелей ұрпағы Ыдырыс аға қорды басқарған тұста Нәжмадин ағамыз оның оң қолы болды. Құрылымның жұмысына қолдан келген жәрдемінің бәрін көрсетті.

Өмір болған соң, оның өрі мен еңісі болмай тұрмайды. Біздің кейіпкеріміздің де басынан түрлі жағдайлар өтті. Бірде жоғары билік оны қызметінен жария түрде тізім арқылы босатты. Жұртшылық ағамыздың қарьерасы осымен біткен шығар деп ойлады. Жоқ, күн-түн демей тынбай жұмыс істеп, өзінің ортақ іске жан-тәнімен берілгендігін дәлелдеп, қайтадан төрге шықты. Бордай үгітіліп кеткен жоқ. Еңсесін тіктеп, қайта түледі. Басын көтере ұстап, биікке беттеді. Үлкен қызметке дандайсыған жоқ. Төмендеуін ұсынса, азынған жоқ. Қай ісін де зор қанағатпен, асқан шүкіршілікпен атқарды. Жүнжіп-жығылу, қамығып-

# АҚ КІРЕУКЕ ЖАҒАМ БАР

(Болмыс пен бітім)

келушілердің қарасы қалың. Өйткені коммуналдық шаруашылықта проблема дегенің шаш-етектен. Қаланың қаншама жылдан бері жөндеу көрмеген ескі құбырларының төңірегіндегі ірілі-ұсақты мәселенің өзі жетіп артылады. Соның бәріне қатысты жұмыстың дені Нәжмадин ағамның бақылауынан өтеді. Яғни, тізгінінің ұшы сол кісінің қолында тұрады. Әдетте, бұл саладан қиындық көргендердің жүйкесі жұқа келеді. Кейде қабылдау бөлмесінде шаң-шұң дауыстар қаттырақ естіліп артылады. Мұндайда Нәжмадин ағам аспай-саспай, кабинетінен сыртқа шығады. Келгендермен ашық сөйлеседі. Мәселені ерінбей-жалықпай түсіндіреді. Әйтеуір жаңағы айқай-ұйқайды дереу су сепкендей басады. Біз оның ашыған жұртпен келіссөз жүргізуден тайсалмай, тығырыққа тірелген мәселенің өзін лезде шешетіндігіне талай рет көз жеткіздік. Ал сөйтпін, қай кезде де өз ісінің маманы, өз саласының білгірі ретінде танылды.

2007 жылы Арал ауданында арқалы ақын, жампоз жазушы Зейнолла Шүкіровтің туғанына сексен жыл толуына арнаған мерейтойлық кеш өтті. Қадімгі Мұзафар Әлімбаев ағамыз жазған «Құрыш қалық» поэмасының басты кейіпкері. Жүрегімен жазыққан Зекен, Мұзбалас Мұқағали жыр арнаған тағдырлы тарлан. Екі ғасырдың тоғысында «Хабар» агенттігінде жұмыс істеп жүрген кезімде Арал мен Бөгенде болып, Зейнолла Шүкіров туралы деректі телебағдарлама түсіргенмін. Ал бұл тұста мен «Айқын» газетінің бас редакторы болып қызмет істейтінмін. Осы іс-шараларға Алматыдан арнайы келдім. Аралда ақандар айтқысы ұйымдастырылды. Беделді ақылдармен бірге айтқаса қазылық еттім. Нәжмадин Мұсабаев бұл кезде Арал ауданының әкімі еді. Осы жолы елге жиналған бір топ

ауданын басқардым. Жобаның арқасында Арал теңізіне жан бітіп, балық шаруашылығы дамып, өзге өңірлерге көшіп кеткендер атақонысқа қайта келіп, ұрпақтың атакөсібін жалғағанын көрдік. Расында, қазір Аралдың балығы алыс-жақын шет елдерге қайтадан экспорттала бастады. Теңіз қалаға жақындады. Халықтың әлеуметтік жағдайы жөнделді. Солтүстік Аралдың жаңғыру жұмыстарына куә болған соң жұрттың бойында үміт оянып, келешекке деген сенім орнықты. Мұны теңіз маңында қоныс тепкендердің қазіргі тұрмысынан айқын аңғаруға болады», – депті Нәжмадин аға беделді басылымда жарық көрген бір мақаласында.

Мақала демекші, ол кәсіби жазбагер болмаса да, ойға түйгендері мен көрген-білгендерін қағазға түсіруден әсте жалықпайды. Ара-тұра республикалық және жергілікті басылымдарға ой-толғақтарын жариялап қояды. Соның бәрін тақырыптық тұрғыдан топтап, бірнеше жинақ етіп те шығарды. Ұмытпасам, алғашқы кітабы «Ортаймаған қазы, қасиетті Қазалы» деп аталатын еді. Сол жинақта қастерлі өңірдің тарихы мен даму жолдарына қатысты көптеген мәлім-беймәлім деректер бар. Бұл да елі мен жерін қадірлейтін абзал азаматтың ешқандай дүниені қалғандарға қатысты руханияттың қажетіне жаратуға даяр тұратындығын көрсетеді.

Нәжмадин ағамыздың ауыз толтырып айтуға лайық тағы бір қыры – ұлт шежіресінде ізі қалған тарихи тұлғаларды дәріптеуі. Өңірдегі үш ауданды басқарған тұсында сол жерден түлеген белгілі адамдардың жұртшылық есінде калып, кеңінен мәлім болуына елеулі еңбек сіңірді. Әсіресе, Жалаңтөс баһадүр, Әйтеке би, Жаңқожа батыр, Бекарыстан би, Ақтан батыр, Ғани Мұратбаев, Зейнолла Шүкіров, тағы басқалардың ардақты есімін ұлықтауға үлес қосты. Жалаңтөс баһадүр қоры басқармасының төрағасы ретінде әйгілі тұлғаның өмірі мен

қапаланы, күйзеліп-кемірілуінің табиғатына жат. Тағдырдың басқа салғанына қайыспай қарсы тұрады. Өз намысы үшін аянбай күресе біледі. Сондай-ақ ол үнемі жеңіске жетіп үйренген. Қысқаса, Нәжмадин Мұсабаевтан бүгінгі мемлекеттік қызметкерлер көп нәрсе үйренуіне болады.

Кейіпкеріміз қызметтен кеткеннен кейін де өз ортасына қадірлі болды. Беделді мекемелер оның зейнет жасына жеткеніне қарамастан кеңесшілікке тартты. Нәжмадин Мұсабаев сынды тәжірибелі басшының жиған-тергені жас ұрпақ үшін аздай қажет екені анық. Ең бастысы, бұл мекемелер осыны жақсы түсінді.

Нәжмадин Түрікбенұлының болмыс-бітімінің, мінез-құлқының, іс-әрекетінің ылғи жақсы жақтары ғана есімде тұр. Негің не, кімнің кім екенін аңғара қоймайтын шалалау кезімде кей нәрсеңді дұрыс түсінбей, ештеңе ренжітіп алған болуымыз да мүмкін. Бірақ ол соның бірде-біреуін білдірген жоқ. Түк болмағандай жайбарқаттық танытты. Сол арқылы кеңдік көрсетті. Өзі де құшағы кең ағамыз қашаннан «Кең болсаң, кем болмайсың» деген қасиетті қағидаға арқа сүйейді.

Жұртына қадірлі азамат былтыр мерейлі жасқа жетіп, еліне есеп берді. Сол бекеледі белесіне тарту ретінде осынау естелігімізді арнағанбыз. Өзінің туралы айтылғанда, Махамбеттің желісімен «Міне, осындай ағам бар, Ақ кіреуке жағам бар» деп мақтан тұтамыз. «Кіреуке» сөзі «ерте замандағы соғыста қолданатын, оқ өтпейтін сауыт» деген мағынаны білдіреді екен. Бұл ұғымның табиғаты сіздің де табандылығыңызды айғайтай түседі.

Аман жүріңіз, айбынды ақ кіреуке!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ,

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор

## ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА! ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР!

Қарулы Күштерінің бірінші жүйесін құрайтын қазіргі заманғы, саны жағынан жинақы, жақсы жағдалталған және жауынгерлік қабілеті жоғары Құрлық әскерлері, Әуе қорғанысы күштері мен Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты және Қалет корпусы құрылды. Әскери оқу орындары әскерлердің кәсіби шеберлігін арттыру саясатын жалғастыруда. Сонымен бірге әскерлерді келісімшарт негізінде жасақтау, армияны қазіргі заманғы қару-жарақпен жарақтандыру одан әрі дамытылды. Сонымен қатар тағдырын армиямен байланыстыруға шешім қабылдаған азаматтар үшін қолайлы әлеуметтік жағдайлар жасалатын болады.

Бүгінгі күні отандық әскери білім беру жүйесін Қорғаныс министрлігінің қарамағында әскери оқу орындары құрайды.

1. Алматы қаласында орналасқан Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты.
2. Ақтөбе қаласында орналасқан Екі мәрте Кеңес Одағының батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Әуе қорғанысы күштерінің Әскери институты.
3. Алматы қаласында орналасқан Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты.
4. Ақмола облысы Щучинск қаласында орналасқан Қорғаныс министрлігінің Шоқан Уәлиханов атындағы Әскери колледжі.

ҰБТ мынадай жалпы білім беру пәндерінен жүргізіледі: математика, физика – негізгі пән, қазақстан тарихы, қазақ немесе орыс тілдері: кемінде 50 балл, оның ішінде математикадан сауаттылығы немесе математикадан кемінде 7 балл тестілеу нәтижесі бар үміткерлер келесі емтихан тапсыруға жіберіледі.

Әскери оқу орнын бітірген азамат лейтенант шенімен оқу бітірісімен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдеріне жөнелтіліп, әскери қызмет атқарады, яғни әскери мамандықты таңдаған азаматты жұмыссыз қалдырмайды. Керісінше мүмкіндігінше үй-жаймен қамтамасыз етіп барлық жағдайды жасайды.

Сондықтан қаламыздағы болашақ ел қорғайтын ер азаматтар Бауыржан аталарымыздай жау жүрек батыр болғылары келсе, елінің тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін қызмет етуді мақсат тұтар болса, жергілікті жердегі Қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (военкоматқа) жолығуларың сұраймыз.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Шүкіров көшесі 101 А Байланыс телефондары: 24-50-22, № 127 кабинет

Қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқармасы (военкомат)

## ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА! ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР!

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «Әскери - техникалық мектебі» Тараз филиалы басымында өтеуіс негізде мерзімді әскери қызмет өткермеген азаматтарды оқуға шақырамыз.

11 сынып бітірген азаматтарды «ВС1» санаттағы әскери жүргізушілерді даярлау бойынша оқуға шақырамыз.

Әрбір азамат оқу кезеңінде далалық киім-кешекпен, үш рет тамақтандырумен қамтамасыз етіледі. Бітіргеннен кейін мерзімді әскери қызметке міндетті түрде жөнелтіледі.

Сонымен қатар әскери борышын өтеп болғаннан кейін мамандығымен келісімшарт бойынша әскери қызметке орналасуға мүмкіншілігі, әсіресе Қызылорда қаласы

маңындағы әскери бөлімдерге орналасуға болатынын жеткіземіз.

Денсаулық жағдайы бойынша жарамды, бойы 170 см төмен емес; Жасы он сегіз жасқа толған және жиырма екі жасқа дейінгі аралығы бойынша әскерге шақырылушылар;

Қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған;

Оқу мерзімі: үш ай  
Ніет білдірген азаматтар төмендегі мекенжай бойынша, Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасына Шүкіров көшесі 101 А үй №127 кабинет, 24-50-22 телефоны арқылы хабарласуларыңызға болады.

Қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқармасы (военкомат)

## СЫБАЙЛАС ЖЕМКОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – ҚОҒАМ ТАЛАБЫ

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегі біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дәртімен жиі бетке-бет келеді. Сондықтан кез келген ортада нарық беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас

жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегіне қар, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әділділік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әділділігін жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдетуі түседі.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырақ емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, зансыз әрекеттермен қоғамдық ортаны және мемлекеттік органдарының, ұйымдарының, дара қоспкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті терті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл терттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке атсалысып, қарсы жұмылымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Ә.ҚҰЛЖАНОВА,

Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің кадр және құқықтық жұмыс бөлімінің басшысы

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әділділік нормаларын және мінез-құлқ қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімінің «Қызылорда қаласының экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 26-39-64 сенім телефоны жұмыс жасайды.

Гүлжауһар РЗАҚҰЛҚЫЗЫ, ревматолог дәрігер:

ЕРТЕ ДИАГНОЗ ҚОЮ КӨПТЕГЕН АСҚЫНУДЫҢ АЛДЫН АЛУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

Жалпы, буын ауруы қандай ауру? Себебі мен салдары туралы оқырманға ақпарат берсеңіз. Буын ауруы – бұл бір ғана ауру емес, ревматология саласына жататын көптеген дерттердің ортақ белгісі. Оның құрамына буындардың қабынуымен немесе зақымдануымен өтетін түрлі аурулар кіреді. Мысалы, ревматоидты артрит, подагра, остеоартроз сияқты буынның өзіне байланысты аурулар бар. Сонымен қатар буын ауруы кейбір жүйелі аутоиммунды дерттердің белгісі болуы мүмкін. Олардың қатарына жүйелі қызыл жегі (волчанка), жүйелі склеродермия, әртүрлі васкулиттер (қан тамырларының қабыну аурулары) жатады.

Бұл ауруларда тек буын ғана емес, ағзаның басқа да мүшелері – тері, қан тамырлары, бүйрек, өкпе, жүрек зақымдануы мүмкін. Сондықтан буынның ұзақ уақыт ауырсынуы немесе ісінуі кейде ағзадағы күрделі жүйелі аурулардың алғашқы белгісі болуы ықтимал. Егер мұндай аурулар дер кезінде анықталып, дұрыс ем жүргізілмесе, буындардың деформациясына, қозғалыстың шектелуіне, кей жағдайларда ішкі ағзалардың зақымдануына әкелуі мүмкін. Ал ерте диагностика мен заманауи емдеу әдістері ауруды бақылауда ұстап, емдеуге мүмкіндік береді.

Козғалыстың аздығынан буын ауруы көбейді деген қаншалықты шындыққа сәйкес келеді? Козғалыстың аздығы буын саулығына әсер етеді. Адам ұзақ уақыт қозғалысыз отырса, бұлшықеттер әлсірейді, буындарға түсетін жүктеме дұрыс бөлінбейді. Соның салдарынан буындарда қан айналым нашарлап, дегенеративті өзгерістер пайда болуы мүмкін. Сондықтан күнделікті жеңіл физикалық белсенділік – серуендеу, гимнастика, жүзу – буын саулығы үшін өте маңызды.

Ковид-19 буын ауруының көбеюіне әсері бар деп ойлайсыз ба? Жалпы буын ауруының пайда болуына не әсер етеді?

Соңғы жылдары COVID-19 инфекциясынан кейін буын және бұлшықет ауырсынуына шағымданатын науқастар саны артқанын байқаймыз. Дәрігерлік тәжірибемнен ковидтен кейін кейбір ревматологиялық аурулардың жиілегенін байқаймын. Мысалы, соңғы уақытта жүйелі васкулиттердің әртүрлі түрлері, сондай-ақ реактивті артриттер жиі кездесіп жүр. Жалпы аутоиммунды аурулардың саны артқанды әсер қалдырады.

Бұл мәселе тек тәжірибеде ғана емес, медициналық ғылыми конференцияларда да жиі көтеріліп жүр. Профессорлар мен мамандар COVID-19 инфекциясы иммунитеті жүйеге әсер етіп, кейбір адамдарда аутоиммунды процестерді қоздыруы мүмкін екенін атап айтуда.

Дегенмен буын ауруының пайда болуына тек ковид ғана емес, тұқым қуалаушылық, инфекциялар, гормоналды өзгерістер, артық салмақ, стресс және өмір салты сияқты көптеген фактор әсер етеді. Сондықтан әрбір жағдайды жеке қарастырып, дер кезінде тексеріліп, маман кенесін алу маңызды.

Таңертен қолдың құрысуы қаншалықты қауіпті?

Таңертен буындардың сіресуі немесе құрысуы ревматологиялық аурулардың маңызды белгілерінің бірі болуы мүмкін. Мысалы, ревматоидты артрит кезінде таңертенгі сіресу 30 минуттан бірнеше сағатқа дейін созылуы мүмкін. Егер бұл белгі жиі байқалса, буындар ісініп, ауырса, дәрігерге қаралу қажет.

Буын ауруын халық емімен емдеуге бола ма?

Халық емінің кейбір түрлері уақытша жеңілдік беруі мүмкін, бірақ олар негізгі емнің орнына жүре алмайды. Буын ауруларының көбінің негізінде қабыну немесе иммунитет бұзылыстар жатады. Сондықтан дұрыс диагноз қойып, дәрігер тағайындаған емді қабылдау өте маңызды.

Қандай белгілер байқалғанда дәрігерге жүгіну керек?

Егер буында ұзақ уақыт ауырсыну болса, ісіну байқалса, қозғалыс шектелсе, таңертенгілік құрысу болса немесе буынның пішіні өзгерсе, міндетті түрде дәрігерге қаралу керек. Ерте диагноз қою көптеген асқынудың алдын алуға мүмкіндік береді.

Буын ауруының алдын алуға қандай кенес бересіз?

Буын саулығын сақтау үшін бірнеше қарапайым қағиданы ұстану қажет: дұрыс тамақтану, артық салмақты болдырмау, тұрақты қозғалыс, жаракаттан сақтану және инфекциялық ауруларды уақытында емдеу. Сонымен қатар жылына кемінде бір рет профилактикалық тексеруден өткен дұрыс.

Дәрігер ретінде тәжірибеңізден бір мысал келтірсеңіз.

Дәрігерлік тәжірибемде есте қалған жағдайлар көп. Мысалы, №4 емханада жұмыс істеп жүрген кезімде маған дерматополимиозит белгілерімен бір науқас келді. Өкінішке қарай, ол адам шамамен алты ай бойы нақты диагноз қойылмай, түрлі мамандарға қаралып жүрген екен. Осы уақыт ішінде ауру асқынып, науқас тіпті мүгедектер арбасына отырып қалған. Тексеру нәтижесінде дұрыс диагноз қойылып, тиісті ем тағайындалды. Кейін науқасты ғылыми-зерттеу институтына жолдап, ол жақта диагноз расталды. Біраз уақыт өткен соң науқас кезекті емін алу үшін көпбейінді облыстық ауруханаға маған кайта келді. Сол кезде оның жағдайының айтарлықтай жақсарғанын көргенде қатты қуандым. Бұрын арбаға танылған науқас өздігіннен жүріп, өзі отырып-тұра алатын жағдайға жеткен. Мені көріп, алғысын айтып кеткені маған шабыт берді. Осындай сәттерден мамандығыңыздың маңызды екенін сезінесіз.

Жалпы буын ауруы жазыла ма?

Бұл аурудың түріне байланысты. Кейбір буын аурулары толық жазылуы мүмкін, ал кейбір созылмалы түрде өтеді. Бірақ қазіргі медицинада оларды бақылауда ұстап, адамның қалыпты өмір сүруіне мүмкіндік беретін тиімді емдеу тәсілдері бар.

Медицинадағы жетістіктер буын ауруының алдын алуға, емдеуге қаншалықты ықпал етеу?

Соңғы жылдары ревматология саласында үлкен жетістіктер бар. Биологиялық терапия, заманауи иммуномодуляторлық дәрілер көптеген ауыр ревматологиялық ауруларды айтарлықтай жеңілдетуге мүмкіндік беріп отыр. Ерте диагностика ем нәтижесін жақсартуда маңызды рөл атқарады.

Сұхбат соңында өзіңіз туралы айтсаңыз.

Мен 2012 жылдан бері ревматолог дәрігер ретінде қызмет атқарып келемін. Ревматология мамандығы бойынша Астана қаласында оқыдым. Ал негізгі білім алған оқу орным – С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті. Қазіргі таңда көп бейінді облыстық ауруханада ревматолог дәрігер болып жұмыс істеймін. Күнделікті тәжірибемде әртүрлі ревматологиялық аурулармен келетін науқастарға диагностика жасап, ем жүргіземін.

Дәрігер ретінде басты мақсатың – ревматологиялық ауруларды ерте анықтап, дер кезінде дұрыс ем тағайындау арқылы науқастардың өмір сапасын жақсартуға көмектесу. Себебі бұл аурулардың көпшілігі ұзақ бақылауды талап етеді. Сондықтан дәрігер мен науқастың өзара сенімі мен бірлескен жұмысы өте маңызды деп есептеймін. Әрбір науқастың жағдайы жақсарып, қалыпты өмірге оралғанын көру – мен үшін ең үлкен марапат.

Сұхбатыңызға рахмет!

Басы 1-бетте

Маманның айтуынша, сирек кездесетін ауруларды анықтау әлде де қиын. Кейбір орфандық аурулар үшін арнайы емдеу әлісі мүлдем жоқ немесе емдеу өте қымбат. Ал кейбір емделушілерге өмір бойы күтім қажет. Одан бөлек бұл жандарда әлеуметтік және психологиялық қиындықтар да кездеседі, қоғамнан оқшаулануы қалатыны тағы бар. Сирек дертке шалдыққан жандарға қатысты тағы бір мәселе орфандық дерттерге қатысты ақпараттың аздығы және жұмысқа тұруы, еңбек ету қиын екендігі.

Сирек кездесетін ауруға диагноз қоюға орташа есеппен 5-7 жыл уақыт кетеді екен.

Орфандық ауруларды анықтау үшін биохимиялық және генетикалық зерттеулер қажет, олар тек арнайы орталықтарда немесе тәжірибелі зертханаларда заманауи диагностикалық әдістердің көмегімен жүргізіледі. Сол сияқты мамандардың ташпылығы, сирек кездесетін дерт туралы білімнің жеткіліксіздігі, зертханалық базаның болмауы тағы басқа факторлар диагноз қою жылдамдығына айтарлықтай әсер етеді. Әлемдік мәліметтерге сәйкес, орфандық «одиссея» (диагноз қоюға дейінгі уақыт), яғни диагноз қоюға орташа есеппен 5-7 жыл кетеді, – дейді маман.

Бүгінде елімізде бірнеше ем түрі жасалуда. Атап айтқанда, ферментті алмастыру терапиясы, биотерапия, гендік терапия, нысаналы (таргеттік) препараттар, моноклоналды антиденелер, хирургиялық емдеу және түзету, соның ішінде ұрқымшылық (фетальді) хирургия, симптоматикалық терапия.

Мамандар сирек кездесетін аурулардың жұқпалы емес екенін еске салады. Бұл көп жағдайда генетикамен байланысты.

Кейбір ауру адамда аяқ астынан пайда болады немесе тұқым қуалайды. Келесі сирек кездесетін дертті диагностикалау және емдеу мүмкін емес деген қате түсінік бар. Иә, кейбір аурулар бойынша әлі де нақты емдеу әлісі жоқ, бірақ бүгінде диагноз қойып, терапиялық емдеу мүмкіндігінің аясы кенесіледі. Дүниежүзінде 300-400 миллион адам сирек аурумен күреседі, сондықтан оларды елеулік, қоғамнан алыстақтату қате түсінік. Жиі айтылатын пікірдің бірі қоғамдық назар аударудың қажеті жоқ, бәрі бір жазылмайды, бұл үлкен қате, дертті ерте естіңіз диагностика жасап, асқынуың алдын алу мүмкіндігі бар, – дейді сұхбатында Зәуре Душимова.

Алғашқы ота жасалды

Елімізде орфандық ауруларға алғаш рет ота 2003 жылы жасалды. Бұл туралы сол кезде барлық БАҚ жарыса жазды. Сирек кездесетін аурулардың бірі – медицина тілінде «буллезді эпидермолиз» деп аталатын ауру. Туабітті тері кеселі «Көбелек ауруы» деп аталады. Аты айтып тұрғандай, науқастың терісі көбелек қанаты іспетті үлбіреп әрі күлдіреп, қышып, қабыршақтанып тұрады.

2023 жылы Алматы қаласында буллезді эпидермолиздің дистрофиялық түріне шалдыққан екі балаға синдактилияны жоюдың бірегей операциясы жасалып, біріккен қолдың саусақтары ажыратылған. «Көбелек балаларға» арналған операциялар сәтті өтіп, бірнеше аптадан кейін мамандар трансплантацияланған терінің тамырланғанын, ағзамен біте бастағанын көріп, бұл күнді тарихи күнге балайды.

Бұған дейін буллезді эпидермолизбен ауыратын, Қазақстаннан барған балаға Ресейде ота жасалған екен. Кішкентай науқастың қолы отадан бірнеше айдан кейін сурет салуға икемделген. Көріш мемлекетте мұндай науқас бар балаларға кейінгі 5-6 жыл көлемінде ота жасалып келеді екен. Енді бұл отаның өз елімізде жасалуы медицинадағы жаңалық болғаны сөзсіз. Әрине, жаңа технологияның даму қарқынын ескерсек, бұдан бері де отандық медицинада айтарлықтай өзгеріс болғаны сөзсіз. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, бүгінде Қазақстан балалардың әл-ауқаты индексінің «Денсаулық» бағыты бойынша әлемнің үздік 30 елінің қатарына кіріп отыр. Балалардың денсаулығын қорғау мен өмір сапасын арттыру үшін нақты әрі маңызды шешімдер қабылданды.

Алғаш рет есту қабілеті бұзылған, бірақ мүгедектік мәртебесі жоқ балалар есту аппараттары мен аудиопроцессорлармен қамтамасыз етілуде. Бұл – бірнеше жылдан бері ата-аналар тарапынан қозғалып келген түйткілді шешімдердің бірі. Дәл осылай алғаш рет бет қаңқасы мен басының туа біткен анатомиялық ақаулары бар балаларға генетикалық скринингтер, реконструктивтік және пластикалық операциялар жүргізу де заңмен бекітілді. Нәтижесінде күрделі диагноздар ерте анықталып, мүгедектіктің алдын алуға жол ашылды. Кератопластика бойынша трансплантациялау тізбесі де кеңейтілді. Балалардың уақытша қозғалыс шектелген кездерінде көмекші техникалық құралдарды алуына, көмектете толмаған туысқан донордан сүйек кемігін транспланттауға, сондай-ақ ем алу үшін басқа өңірге шыққанда жол жүру шығындарын өтеуге қатысты жаңа заңнамалық нормалар бүгінде мәжілістің қарауында, – делі денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова жыл басындағы үкімет отырысында жасаған баяндамасында.

Балаларға көрсетілетін медициналық көмектің сапасын жетілдіру мақсатында 2 жылда 24 стандартты жарияланды. Алғаш рет сирек кездесетін орфандық аурулар стандарты әзірленіп, балаларға паллиативтік көмек көрсету стандарты бекітілді. Сонымен қатар салмағы аз боп туған нәрестелерді күтуге және балаларға арналған басқа да медициналық бағыттары бойынша қызмет тарифтері 40%-ға дейін артып, алдағы уақытта 19 бейнiнiң тарифтерi қайта қаралмақ.

Министрдің айтуынша, бұрын тек ересектерге жасалып келген «гамма-пышақ» аппаратындағы радиохирургиялық операциялар енді балаларға да жүргізіле бастады. Бұл күрделі ми ісіктері мен басқа да қауіпті диагноздарды ашық операциясыз, қауіпсіз әрі дәл емдеуге мүмкіндік береді. 400 балаға есту импланттары орнатылып, олар алғаш рет дыбысты естіп, сөйлеу қабілетін дамыту мүмкіндігіне ие болды. Жыл сайын орта есеппен 700 бала туған нәрестеге ретинопатияны түзету жүргізіледі. Сонымен қатар жыл сайын 2 мыңнан астам балана



«ЖЕТІМ» ДЕРТІНІҢ

Кейінгі кездері орфандық аурулар деген сөзді жиі естіміз. Сирек кездесетін аурулар жайы бұған дейін көп айтыла бермейтін. Кейінгі жылдары, жаңа технологиялар сәт сайын дамыған уақытта сирек кездесетін ауруларды емдеу мәселесі ақырындап шешімін тауып келеді.

Жалпы орфандық аурулар дегеніміз не, бұл қандай ауру? Орфандық аурулар – сирек кездесетін аурулар тобы. Ағылшын тілінен аударғанда «orphan» сөзі «жетім» деген мағынаны білдіреді. Бұл ауру түрлері сирек кездесетіндіктен ғылыми зерттеу жұмысының жеткіліксіздігі, арнайы емдеу мүмкіндігінің аздығы және мамандар мен білім жетіспейтіндіктен осылай аталса керек. Қазіргі таңда ғылым дамып, сирек кездесетін ауруларды емдей бастады.

Бір атап айтқанымыз, кейінгі уақытта сирек кездесетін аурумен ауыратын емделушілер қатары көбейген. Бұған себеп медицинадағы жаңа технологиялардың кеңінен қолданылуы, скринингтік бағдарламалардың әсері болса керек. Сондай-ақ елордала республикалық орфандық ауруларды үйлестіру орталығы құрылған. Медицина ғылымдарының кандидаты Зәуре Душимова «Қаз-ақпарат» ақпараттық агенттігіне берген сұхбатында сирек кездесетін ауру саны қалай анықталатыны туралы былай дейді:

Аурулардың таралуы әлемде 100000 адамға шаққандағы науқастар саны бойынша есептеледі. Әрбір ел өз көрсеткіштерін белгілейді, орташа алғанда бұл 100 мың адамға шаққанда 5-тен 80-ге дейінгі жағдайды құрайды. Әлемде халықтың шамамен 6-8% сирек кездесетін ауруға шалдыққан, бұл шамамен 300-400 миллион адам. Orphanet халықаралық консорциумының деректеріне сәйкес, әлемде 6417 сирек ауру түрі бар (https://www.orpha.net). Өкінішке қарай, диагностиканың күрделілігіне байланысты көптеген елде нақты статистика жоқ. АҚШ-та кемі 200000 адам ауырса дерт сирек деп саналады. Еуропалық одақта 2000 адамның ішінде біреуінде кездессе – сирек ауру. Жапонияда 2500 адамнан ауруға 1 адам шалдыкса сирек саналады, Ресейде 100000 адамға шаққанда науқастар саны 10-нан аспаса орфандық деп есептеледі және Қытайда ресми анықтама жоқ, бірақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының критерийін қолданады, ол бойынша 5000 адамның біріне кездессе, ол сирек дерт саналады.

кардиохирургиялық операциялар жасалып, жүрек ақаулары дер кезінде түзетіледі.

Осылайша, жоғары технологиялық медициналық қызметтердің енгізілуі балалардың өмір сапасын жақсарта отырып, соңғы үш жылда шетелге туыс емес донордан бағаналы жасушаларды трансплантациялауға балаларды жіберу 3 есеге, ал кардиохирургиялық емге жолдау 5,2 есеге қысқарды және де бұл қадамдар балалар арасындағы мүгедектік деңгейін 11%-ға төмендетуге мүмкіндік берді. Биыл елімізде протондық, йодтерапия және тамырлы ақауларды емдеу толық қолжетімді болады. 2025 жылы еліміздегі емханалардың 80%-да педиатриялық бөлімшелер ашылып, балаларды ерте кезеңнен бақылау күшейтілді, 336 даму және ерте араласу орталығы құрылып, ауытқуларды дер кезінде анықтау мүмкіндігі артты.

Тегін диагностика жүргізіледі

Биылғы 1 қантардан бастап Қазақстанда тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында 11 әлеуметтік мәні бар ауруға күдік туған жағдайда тегін диагностика жүргізілетіні туралы хабар ресми түрде жарияланды.

Аталған аурулардың қатарына туберкулез, созылмалы вирустық гепатит пен бауыр циррозы, психикалық және мінез-құлық бұзылыстары, қатерлі ісіктер, жіті миокард инфарктісі (алғашқы 6 ай), орфандық аурулар, эпилепсия, инсульт және өзге де ауыр дерттер кіреді.

Салыстыру үшін айтсақ, қазіргі уақытта ТМККК шеңберінде диагностика тек туберкулез бен АИТВ инфекциясы бойынша ғана жүргізіледі. Ал басқа әлеуметтік мәні бар ауруларды анықтау міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі арқылы жүзеге асырылып келеді.

Жаңа өзгерістердің нәтижесінде сақтандырылмаған азаматтар да медициналық көмектің негізгі пакетіне қол жеткізе алады. Оған емханаларға алғашқы жүгіну, бірақтар ауруларды ерте анықтауға арналған скринингтер мен вакцинация, өмірге қауіп төндіретін жағдайларда жедел медициналық көмек, инфекциялық аурулар кезіндегі ем, паллиативтік көмек және тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету кіреді.

Сонымен қатар 2026 жылдан бастап әлеуметтік мәні бар 13 аурудың зерттеуі: қант диабеті, церебральдық сал ауруы, дәнекер тіннің жүйелі зақымдануы және ревматизм МӘМС жүйесіне аударыстырылады. Бұл аурулар динамикалық бақылауды қажет ететін жағдайлар тізбесіне енгізіліп, медициналық көмек толық көлемде МӘМС аясында көрсетіледі.

Өңірдегі ахуал

Сирек кездесетін ауру деңгейі өңірде қалай екенін білу үшін облыстық денсаулық сақтау басқармасына арнайы хат жолдана едік. Басқарма мәліметіне сүйенсек, облыс бойынша орфандық аурулармен 321 бала есепте тұрады. Бұл науқас балаларға көмекті ұйымдастыру үшін басқарманың бұйрығымен жауапты координатор мамандары тағайындалған.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің шешімімен Орфандық ауруларды үйлестіру орталығы болып Алматы қаласындағы «Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы» биылдан бастап өз жұмысын бастауына байланысты республикалық деңгейде орфандық (сирек кездесетін) аурулар бар науқастарға сапалы медициналық көмек көрсетудің бағыты бекітілген.

2019 жылдан бастап Қызылорда облысындағы көпбейінді облыстық балалар ауруханасы базасында динамикалық бақылауды талап ететін ерте неонатальдық кезеңде ауыр жағдайларда және шала туған балаларға жоғары білікті мамандандырылған консультациялық көмек көрсету үшін қатамыс кабинет ашылды. Кабинетте педиатр, невропатолог, кардиолог, реабилитолог, неонатолог мамандары балаларды қарап тексереді. Балалар арасында медициналық көмек көрсетудің стационарлық деңгейін облыста көпбейінді облыстық балалар ауруханасы жүзеге асырды.

Ауруханада консультациялық-диагностикалық блок жұмыс істейді, оның ішінде мукновизиодозға күмән туындаған кезде терілік тест жасалынады, сонымен қатар белгіленген стандартқа сәйкес әр нозологияны ерте анықтау үшін емханада тегін медициналық көмек көрсету шеңберінде диагностикалық хаттамда көрсетілген зерттеулерді тапсырып, ауруды ерте анықтауға мүмкіндік туады.



Сирек кездесетін ауруларды анықтау үшін генетикалық тексеруге науқастардың талдама анализдері Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінің Медициналық орталығының ауруханасы және «Ана мен бала» ҰҒО лабораторияларына тегін жолданады. Облыстағы сирек кездесетін орфандық ауруларды бар пациенттерді дәрі-дәрмекпен қамту республикалық және жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

Қызылорда облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін шарттар мен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы 23 қазандағы № 121 шешімі негізінде 2025 жылы жергілікті бюджет есебінен 776 млн теңге бөлініп, орфандық аурулар нозологиясы бойынша 776 млн теңгеге дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар, арнайы емдік өнімдер сатып алынған. 2026 жылға жергілікті бюджет есебінен 2 млрд 379 млн теңге бөлінген. Сонымен қатар Қазақстан халқы қоғамдық қоры арқылы 2025 жылы 519 млн теңгеге дәрілік заттар сатып алған.

Жыл сайын жаңа технологияларды дамуы, медицина саласындағы ізденістер мен зерттеулер «жетім» дертін жүгін жеңілдетіп келе жатқандай. Ең бастысы, саны артпаса екен.

Бетті дайындаған Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Меншік иесі:



Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы Бас редактор Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009) Кабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ - 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Алтасына 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғармасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сар медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68 Газеттің таралуы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А. Таралымы 3875 Тапсырыс №430

Нөмірдің кезекші редакторы Жарасқан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ